

Мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне, әскери оқу орындарының бірінші және екінші курстарының курсанттарына пошта жөнелтілімдері үшін ақшалай өтемақы мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 сәуірдегі № 481 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 308 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 308 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 48-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне, әскери оқу орындарының бірінші және екінші курстарының курсанттарына пошта жөнелтілімдері үшін ақшалай өтемақы мөлшері айына 130 теңге сомасында бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Мерзімді қызметтің әскери қызметшілеріне және әскери (арнаулы) оқу орындарының бірінші және екінші курстарының курсанттарына почталық жөнелтілімдер үшін ақшалай өтемақы мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 желтоқсандағы № 1365 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 46, 467-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы № 912 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 31, 430-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін толықтырулар мен өзгерістердің 3-тармағы.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*